

## АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-дың экономика және құқық факультетінің «Экономика және басқару» кафедрасы **2016 жылы 25 қараша** күні мектеп оқушыларының 10-11 сыныптары арасында экономика негіздері бойынша қалалық олимпиада өткізеді.

### Олимпиада мақсаттары:

- оқушылардың экономикаға танымдық қызығушылықтарын арттыру;
- экономика бойынша қосымша білім алу;
- оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- оқушылардың өзіндік жұмысын белсендіру.

### Олимпиада міндеттері:

- мектеп бітірушілердің экономика бойынша білім деңгейін айқындау;
- оқушылардың шығармашылық, зияткерлік мүмкіндіктерін анықтау.

### Олимпиада екі кезеңнен тұрады:

- *бірінші кезең - іріктеу*, **2016 жылдың 1-15 қараша** аралығында қашықтықтан білім беру технологиясын қолдану арқылы сырттай өткізіледі. Олимпиадаға қатысушы ұсынылған талаптарға сәйкес эссе дайындау қажет. Эссені сараптық бағалау нәтижесінде олимпиаданың екінші қорытынды кезеңінің қатысушыларын комиссия анықтайды.

### ЭССЕ тақырыптары:

1. Дамусыз кәсіпкерлік табыс жоқ, ал табыссыз даму жоқ. Й. Шумпетер
2. Экономикалық бәсеке – бұл соғыс емес, ол бір-бірінің мүддесіне деген жарыс. Э. Каннан
3. Байлық – қазынаны иелену емес, оны қолдану. Наполеон I
4. Экономика – бұл өмірді ең жақсы жағынан қолдана білу. Б. Шоу
5. Капитал – бұл өзіміздің байлығымызды ұлғайту үшін пайдаланылатын байлықтың бір бөлігі. А. Маршалл

### *Эссені жазуға қойылатын жалпы талаптар*

1. Жұмыс эссе жанрына сәйкес болу қажет.
2. Мәтін (3 бетке дейін), кегль 14, шрифт «Times New Roman», интервал 1; беттің жан-жағы 2 см. Құрылымы: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды; тақырыбы беттің ортасына, аты-жөні тақырыптың оң жақ астына жазылады. Эссені көрсетілген уақыттан кешіктірмей келесі электрондық мекен-жайға жіберу қажет: [kaf\\_ekon\\_teor@vkgu.kz](mailto:kaf_ekon_teor@vkgu.kz).
3. Эссе зерттелетін сұрақ бойынша автордың өзіндік пікірін бейнелеу керек (яғни, бағалаушылық ой-пікір – авторлық пайымдаулар немесе көзқарастарға негізделген пікір)
4. Эссенің мәтіні балансталған болуы керек. Егер мәтінде бір көзқарас айтылса, оған қайшы пікір де талдану қажет.

5. Эссенің мазмұны ойластырылып, логикалық дұрыс қойылып, құрамдастырылған болуы керек (ол кіріспе, негізгі бөлім, қорытындыдан тұруы қажет).

Эссенің мазмұнына қойылатын баға 100 балдық шкаламен бағаланады. Балдар қойылған критерийлер бойынша бағаланады. Балдардың максималды сомалық жиынтығы – 100.

*Эссені бағалау критерийлері*

1	Автордың қойған мәселесін ашып көрсете білуі, оның қоғамдық ғылымдар мен әлеуметтік тәжірибе үшін маңыздылығын негіздеу	25 балл
2	Тақырыпты ашу барысында өзіндік көзқарасты негіздеп, құрастыра алу қабілеті	25 балл
3	Дәйектілік деңгейі	25 балл
4	Тақырыпты қарастыруда негізгі қорытынды жасай білу қабілеті	25 балл

– екінші кезең – қорытынды, **2016 жылы 25 қарашада** іштей түрде келесі мекен-жайда өткізіледі: Өскемен қаласы, Крылов көшесі, 72 (С.Аманжолов атындағы ШҚМУ № 9 оқу корпусы, 501 каб.).

*Екінші турдың тапсырмасы* – Тестілеу (әлеуметтік-экономикалық география және экономикалық білім негіздері) және экономика бойынша логикалық есептерді шығару.

**25.121.2016ж. болатын олимпиаданың қорытынды кезеңінің өткізілу регламенті:**

**08.30-09.00** – олимпиадаға қатысушыларды тіркеу;

**09.00-09.10** – олимпиаданың салтанатты ашылуы;

**09.10-11.10** – қатысушылардың тапсырмаларды орындаулары;

**11.10-11.40** – оқушыларға, мұғалімдерге кәсіптік бағдар беру жұмыстары;

**11.40- 12.10** – олимпиаданы қорытындылау және жабу, марапаттау.

Қорытынды кезеңнің **қатысушыларын тіркеу** С.Аманжолов атындағы ШҚМУ № 9 оқу корпусының 501 кабинетінде **25.11.2016ж.** сағ. 08.30.- 09.00. болады.

**Олимпиада өткізу тілі:** қазақ, орыс

**Қатысушыларды марапаттау:**

Олимпиада жеңімпаздары университет дипломдарымен марапатталады. Диплом түпнұсқасы олимпиаданы Ұйымдастыру комитетінің Төрағасымен қол қойылады. Олимпиада жеңімпаздарының өтініші бойынша Ұйымдастыру комитеті оның дипломының электрондық формасын [www.vkgu.kz](http://www.vkgu.kz). адресі бойынша «Олимпиада» бетінің көмегімен бере алады.

Қазылар алқасының хаттамаларына сәйкес Олимпиада нәтижелері ШҚМУ - ға қабылдау Ережелерінде көрсетілгендей, ШҚМУ-нің 1 курсына ақылы оқуға түсер кезде ескеріледі. Олимпиада жеңімпазы мемлекеттік білім алу конкурсына қатыса алады, онда ол бірінші мамандық ретінде

олимпиаданың бейімді мамандығын және ШҚМУ кодын көрсетеді. ҰБТ нәтижесі жеңімпаз үшін 70 балл немесе одан жоғары болуы керек.

**Олимпиада ұйымдастырушылары:** С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-дың «Бизнес және іскерлік әкімшілік жүргізу» кафедрасы. Мекен-жайы: Крылов көшесі, 72, 504 дәрісхана

**Байланыс телефоны:** 8(7232)252465, 87772583950

### Өтініш үлгісі

№ п/п	Қатысушының Т.А.Ә.	Мектеп сыныбы	№, Қатысушының мекен-жайы, e-mail	Мұғалімнің Т.А.Ә., байланыс телефоны, e-mail